

"Шебер-ралли-99" Әлем кубогы үшін халықаралық автомотомарафон туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 12 шілде N 103-ө

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі мен "Шебер-ралли-99" халықаралық ұйымдастыру комитетінің 1999 жылдың 27-30 шілдесі аралығында Мәскеу - Баку - Стамбул бағыты бойынша "Шебер-ралли-99" Әлем кубогы үшін халықаралық автомотомарафонның (бұдан әрі - автомотомарафон) кезеңін Қазақстан Республикасының Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының аумағында өткізу туралы бірлескен ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігімен өзара іс-қимылда автомотомарафонның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі мен "Шебер-ралли" халықаралық комитетіне аталған іс-шараны өткізуге жәрдем көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған

ортаны қорғау министрлігі автомотомарафонның кезеңі Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілген кезде экологиялық бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі автомотомарафонның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кезеңнің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК